

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 наурыздағы N 379 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 796 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

"Кейбір ұйымдарды Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қарамағына беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қазандағы N 1596 P991596\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

реттік нөмірі 467а, 468, 470-2, 470-7, 470-46, 470-48, 470-49, 470-50, 470-51, 470-89, 470-90, 470-95 - жолдар алынып тасталсын;

"Энергетика, индустрия және сауда министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 105-3, 105-4, 105-5, 105-6, 105-7, 105-8, 105-9, 105-10, 105-11, 105-12, 105-13 және 105-14-жолдармен толықтырылсын:

"105-3 "Лазерлік технология жөніндегі Алматы қаласы Алматы инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)

105-4 "Алматы биокомбинаты" республикалық Алматы қаласы мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)

105-5 "Қазақстан Республикасының минералды Алматы қаласы шикізаты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)

105-6 "Қазақстан Республикасының ұлттық Курчатов қаласы ядролық орталығы" республикалық

- мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)
- 105-7 "Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қарағанды қаласы
- 105-8 "Қазақстан Республикасының Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Ақмола облысы, Степногор қаласы
- 105-9 "Фармацевтикалық биотехнология институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Ақмола облысы, Степногор қаласы
- 105-10 "Өсімдіктердің физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы
- 105-11 "Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Жамбыл облысы, Гвардейский кенті
- 105-12 "Орталық дәрілік қосындыларды биологиялық зерттеу лабораториясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы
- 105-13 "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы
- 105-14 "Тәжірибелік өндірісі бар арнаулы жобалау-конструкторлық және технологиялық бюро" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*